

Білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандығы № 173 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 391 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 391 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Білім беру үйымдарының білім алушыларын және тәрбиеленушілерін оқу әдебиетімен уақытылы қамтамасыз ету мақсатында және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне оқулықтарды қайтарымды негізде тегін пайдалануға құқығы бар білім алушылардың санаттарын қосымша белгілеу құқығы берілсін.

3 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Білім беру үйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандығы № 157 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., № 5-6, 64-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандығы № 157 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 сәуірдегі № 489 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2001 ж., № 14, 172-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

19

ақпандасы

Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесі

1. Осы Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 36-бабына сәйкес әзірленді.

Осы Ереже мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік оқу орындарында оқушылармен тәрбиеленушілерді оқулықтармен қамтамасыз ету:

жыл сайын мектеп кітапханалары арқылы оқулықтарды қайтарымды негізде пайдалануға тегін беру жолымен;

оқулықтарды бөлшек саудадан сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

3. Жыл сайын мектеп кітапханаларынан оқулықтарды қайтарымды негізде тегін пайдалануға:

интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығының қалған балалар, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер, бала кезінен мүгедектер;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларының балалары;

көп балалы отбасыларының балалары;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі құнкөріс деңгейінен төмен отбасыларының балалары;

денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша емдеу ұйымдарында білім алатын балалар алады.

4. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыруши уәкілетті органдар білім беруді басқару органдарына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылары балаларының тізімдерін береді.

5. Оқушылар мен тәрбиеленушілерді қамтамасыз ету үшін міндетті оқулықтардың тізбесі мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру саласындағы орталық атқарушы органның шешімімен бекітіледі.

Міндетті тізбеге кірмейтін оқу әдебиетін сатып алуды оқушылар өздері жүзеге асырады.

6. 3-тармақта көрсетілген оқушылар мен тәрбиеленушілерді кезекті қаржы жылына мемлекеттік білім беру ұйымдары мектеп кітапханаларының қорлары арқылы даналар саны, атаулары, сыныптары және оқыту тілдері бойынша оқулықтармен қамтамасыз ету қажеттілігін жергілікті атқарушы органдар анықтайды және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері қамтамасыз етеді.

Республикалық білім беру ұйымдарындағы оқушыларды, сондай-ақ шет елде тұратын отандастарды оқулықтармен қамтамасыз ету қажеттілігін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган анықтайды және республикалық бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

6-1. Жергілікті атқарушы органдар оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сатып алу мен жеткізуді ұйымдастырады, оның ішінде жалпы орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханаларын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы ұсынған барлық оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың міндettі данасымен қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.03. N 1261 қаулысымен.

7. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының оқулықтарды тегін алуға құқығы бар оқушылары мен тәрбиеленушілерін қамтамасыз ету үшін міндettі тізбеке кіретін атаулар бойынша оқулықтарды сатып алу толық таралымымен 4 жылда бір рет, кейіннен мектеп кітапханаларын қорландыру циклы бойынша оқу әдебиетінің қажетті санын қосымша сатып ала отырып жүзеге асырылады. Қажетті оқулықтарды қосымша сатып алу төрт жылдық циклдың екі жылы өткеннен кейін білім алушылардың көрсетілген контингентінің жиырма пайызынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

8. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханаларындағы оқулықтарды сақтау, есепке алу, беру, қайтару және есептен шығару туралы нұсқаулықты білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітеді.

9. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының студенттері, магистранттары, курсанттары, тыңдаушылары, тағылымдамашылары аспиранттары, адъюнкттары және докторанттары оқулықтармен осы ұйымдар белгілеген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

10. Мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібін осы білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК